



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

практикалық көмекші құрал). – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 111-118-бб.

4. Чаплыгин С.А. Задачи и методы работы по упорядочению технической терминологии (Изд. АН СССР, ОТП, М., 1973);
5. Ткачева Л.Б. Особые закономерности английской терминологии. Томск, 1987 С.65.
6. Алимов В.В. Юридический перевод: практический курс. - М.: Юрист, 2004 - 165с.
7. Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка.-М.: Книга, 2003 - 435с.
8. Когнитивтік зерттеулердегі термин мәселесі // Тіл таным, №3(23). – Алматы, 2006. – Б.88-93.
9. Алимов В.В. Юридический перевод. Практический курс. Английский язык. – М.: КомКнига, 2005. – 160 стр.
10. Базылев В., Сорокин Ю.А. Интерпретативное переводоведение. - Ульяновск, 2000.
11. Власенко С. В. Перевод юридического текста: когнитивные особенности номинации и реалии-профессионализмы в языковой паре английский-русский // Филологические науки. МГИМО. Сборник научных трудов, № 21 (37). М.: МГИМО, 2005. – С. 129–140.
12. Власенко С. В. Договорное право: практика профессионального перевода в языковой паре английский-русский. – М.: Волтерс Клувер, 2006. – 320 стр.
13. Гамзатов М. Г. Техника и специфика юридического перевода: Сб. статей. – СПб., 2004. – 184с.

УДК 81.33

## ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРГЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Турлыбекова Багила Жумағалиевна**

[b.turlybekova@mid.gov.kz](mailto:b.turlybekova@mid.gov.kz)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ә.Қ. Ахметов

Соңғы он жылдықта «тілдің құрылымын» зерттеудің орнын «тілдің әрекет барысында» зерттеу, яғни сөйлеу барысында қарастыру басып келеді. Бірінші орынға оның қоғамдық қызметі шығып, тілдің адам коммуникациясының құралы ретіндегі мәселелері зерттеу объектісіне айналды. Негізгі қарым-қатынас құралы ретінде тіл, адам өмірінің барлық өзгерістеріне бейімделіп, қоғаммен құрылып, шындалады.

Жаңа ғылыми парадигма, өзінің айқын антропоцентристік бағытымен табу мен эвфемизмдерге тек коммуникация формасы ретінде ғана емес, мәдениет бөлшегі, лингвистік ғана емес экстралингвистік фактор ретінде жол ашты. Табу мен эвфемизмдерге деген ХХІ ғасыр әдебиеті мен публицистикасындағы артып келе жатқан қызығушылық табу мен эвфемия көп аспектілі феноменін жаңаша зерттеумен, тілдік құралдар арқылы оларда көрініс тапқан коннотативті ақпаратты интерпретациялау қажеттілігін де тудырады. Табу мен эвфемизмдерді зерттеудің ерекше маңыздылығы қазіргі заманғы тіл білімінің қоғамның өзіндік әлем бейнесін, автор мен адресаттың тілдік тұлғаларының эвфемизмдерді жасаушы мен оның реципиенті арасында қарым-қатынас орнауы барысында, және эвфемизмдерді пайдалану контексті ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылығынан туындайды.

Табу мен эвфемизмдер – кез келген мәдениет пен тілден орын алатын этнолингвистикалық ұғымдар. Табу мен эвфемизмдер – тілдің сөздік құрамын лексика және семантика жағынан байытатын өнімді тәсілдердің бірі. Олар сөз мағынасын өзгертуде,

дамытуда ерекше қызмет атқарады. Эвфемистік мақсатпен жұмсалған сөздер әдетте өздерінің, негізгі мағыналарының аясынан шығып, жаңа мағынаға ие болады. Сөйтіп, табу мен эвфемизмдер синонимдік және омонимдік қатарлардың өсуіне, неологизмдердің қалыптасуына белгілі ықпалын тигізіп отырады.

Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тіл білімінде табу деп атанылады. Өткен замандарда адамдар арасында өмірді жете танып білмеу салдарынан, зат пен оның атауының арасында табиғи байланыс бар деп қате түсінушілік болған. Адамзат өзі тудырған кейбір сөздерді күнделікті тұрмыста өз атымен атамай, басқаша атауға мәжбүр болған. Мұндай тыйым салынған сөздер дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі. Бұл әдет әсіресе түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының өмірінде де кең тараған.

Бір затты, құбылысты өз атымен тура атамай, басқаша атаумен атау тек табумен байланысты емес. Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда да тіл де бір сөз бір сөбен алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады. Мұндай құбылыс тіл білімінде *эвфемизм* деп аталады. Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған сенімге негізделмейді, сыпайгершілік пен, әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгін тандағы өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністер деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан [1, 66.].

Сонымен қатар, табу мен эвфемизмдерді лингвистикалық және мәдениетаралық факторлармен байланысты қарастырылатын тілдік құрал ретінде зерттеу олардың ерекше мәдени құндылық екендігін таныта түседі. Мұның себебі, біріншіден, мәдениетаралық қарым-қатынас кең етек жайған кезеңде табу, эвфемизмдерді дұрыс түсіну әрі қабылдай білу нәтижелі келіссөздер кепілі. Екіншіден, бұл – көпұлтты Қазақстан жағдайында біздің қоғамның да ажырамас бөлігі. Себебі барлық тілдерде табу мен эвфемизмдер сол тілді тұтынушы этностың (ұлттың, халықтың, тайпаның, рудың) тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына қатысты болады. «Егер халық пен тілді біртұтас құбылыс деп қарасақ, - дейді академик Ә.Қайдаров, тіл-халық өмірінің материалдық және рухани байлықтарын бойына жинаған, оның наным-сенімдерін, дәстүрін көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын баға жетпес байлық» [2, 78].

Табу мен эвфемизмдердің лингвистикалық және лингвомәдени зерттеулерде толық қарастырылмағандығына, сондай-ақ, олардың лингвомәдени құбылыс ретінде үлкен қызығушылық тудырып отырғандығына байланысты анықталады. Саяси төзімділікке негізделген коммуникация барысында тұлғааралық сыпайылықтың деңгейіне қатысты айқындалады, соған сәйкес әлемнің тілдік бейнесі ретінде көрініс табады, яғни:

- табу әр халыққа тән мәдениет призмасы арқылы қабылданып, талданады
- эвфемизмдер тілдік мәдениет пен қоғамдық нормамен сабақтаса қарастырылады.

Табу мен эвфемизмдер тіл білімінің ұзақ зерттелген бөлігі болып табылады. Бірақ, тілдік табу мен оларды алмастырушы құралдар екі жүз жыл бойы зерттелсе де, эвфемизм мәселесінің көптеген аспектілері толық қарастырылмаған немесе қарама қайшылықты болып келеді. Оларды әр түрлі бағыттағы және көзқарастағы лингвистер зерттеді. Соның ішінде отандық және шетелдік: Д.К.Зеленин, Б.А.Ларин, Р.А.Будагов, Вандриес, О.Есперсен, В.Хаверс, С. Ульман, Э.Бен-Венист, Ә.Хасенов, Т.Жанұзақ, Ә.Ахметов, Ә. Болғанбаев, Ғ.Қалиев, Б. Сағындықұлы сынды ғалымдар бар. Көптеген ағылшын лингвистерінің тұжырымдамалары бойынша эвфемизмдер ағылшын тілінің лексикасы мен фразеологиясының басым бөлігін алып жатыр.

#### *«Табу» түсінігі*

1. Ағл. taboo, дөрекі және қолайсыз сөзді қолданудан қорыққаннан, мифологиялық сенімнен, наным - сенімнен, діннен сондай-ақ, цензуралық шектеуден қолдануға тиым салынған сөз. Мысалы, қазақ тілінде: өлді- жан тәсілім етті, дүние салды, о дүниеге аттанды;

ағылшын тілінде: *Cripple* (мүгедек)–*physically different* (дене бітімі басқа); *fat* (семіз) – *big boned, differently sized* (сүйегі ірі) деген қолданылады.

2. Ағл. taboo (тиым), әртүрлі лингвистикалық емес факторлармен (наным – сенім, цензура мен дәстүрлі тиымдар) анықталатын, сөзді пайдаланудағы шектеу. Табудың түрлері: вербалды емес табу, вербалды табу және екінші ретті табу [3, 187].

Табу – индонезия тілінен алынған термин: тыйым салу деген сөз. Меланезия мен Палинезияда бұл сөздің капу, тапу, тамбу деген синонимдері бар. Олардың да мағынасы – тыйым салу. Табу құбылысы адамзаттың әлсіз кездерінде туған. Ең алдымен этнографияға, адамзаттың діни наным – сеніміне, әлденеге сиынуына байланысты шыққан. Ерте замандардағы соқыр сезім мен сенім, адамзаттың әр нәрсеге, әр құбылысқа табынуы, олардың ең киелі, ең құдіреті күшті деп саналуы тіл-тілде өзінің ізін қалдырған. Табу алғашында мифологиялық сенім – наным, қорқыныш сезімдерге байланысты қорытынды тұжырымдар жасау нәтижесінде пайда болған. Осындай белгілі бір себептерге сай, тіл-тілде кейбір сөздер мен сөз тіркестерін өзінің тура атымен атамай, басқаша, екінші бір келтірілді сөздермен, кейде мүлдем тұспалдап, алмастырып жеткізетін болған.

Ақиқаты, табудың ең басты принципі – сол құбылыс пен заттың дәл атын атауға тыйым салу. Зерттеушілердің айтуынша, табудың алғашқы шыққан жері, түп – төркіні, «отаны» – полинезия тайпалары. Полинезиялықтардың қоғамдық өмірінде бұл құбылыс күні бүгінге дейін кең етек жайған.

Табу– тілге қатысты этнографиялық түсінік. Табу қоғам дамуының әртүрлі даму деңгейлерінде, қоғамдық өмірдің әртүрлі саласында пайда болатын тыйымды білдіреді. Ол полинезиялық тілдердің бірінен аударғанда: *ta* – атау, ерекшелеу, *pu* – толықтай; сонда, *tapu* > *tabu* «толықтай ерекшеленген», «ерекше белгіленген» дегенді білдіреді. Осылайша, қоғамдық дамудың төменгі сатысындағы халықтарда (полинезиялықтар, зулустар, эскимостар) табу сөздер мифологиялық сенім негізінде пайда болады.

Өлім, ауру атаулары, құдайлар мен аруақтар атауларына тиым салынады; әдетте тайпа аулайтын аң атауы да табуға айналады: *to die – to kick the bucket, to go off the hooks, to pass away, to breathe one's last, to close one's eyes; devil –the Prince of Darkness* немесе *dickens; God –Lord!, Good heavens!, Gracias me!*

Табудың тарихы.

Табу – адамдардың әр түрлі әрекеттеріне қатысты жағымсыз ережелер (үзілді кесілді тиым), оларды бұзу тиісті жазаға әкеп соғады. Олар әлеуметтік, діни және магия негізінде алғашқы қауымдық қоғам кезінде пайда болып, қалыптасқан. Табу арқылы олар топтар (отбасы, ру, тайпа және т.б.) мен мүгедектердің өмірін реттеп отырған. Абыздар мен тайпа көсемдерінің тиымдырдың жиынтығы адам өмірінің әр түрлі салаларын қамтып, сөздерге (адамдардың, қайтыс болғандардың, жындардың, құдайлардың, аңдардың аттарын атауға тиым); адамдарға (әйелдер, жауынгерлер, басшылар); адам денесі мен дене мүшелеріне; әр түрлі әрекет түрлері мен формаларына; әр түрлі заттар мен зат символдарына (жер, қару, тұмар және т.б.) да тараған. Сол кезеңдегі наным сенімдер мен салт-дәстүрлерге сәйкес, тиымды бұзу «жоғарғы күштердің» қаһарын (ауру–сырқау, өлім) және қоғам мен оның көшбасшыларының әр түрлі жазасын туғызған. Баяғы заманда және қазіргі кезеңдерде *табу* әлеуметтік бақылау мен әлеуметтік басқарудың құралы болған. Тарихи даму үрдісінде трансформацияланған табулардың бір бөлігі адамгершілікке, дінге, құқыққа әр түрлі көзқарастар (мысалы, күнә жайлы), құндылықтар мен нормалар (мысалы, ислам мәдениетіндегі адамды бейнелеуге тиым және т.б.) түрінде енді. Табу алғаш рет 1771 жылы Дж. Кукпен Тонга аралындағы аборигендерге қатысты дәстүр ретінде аталған деп есептелінеді. Табудың пайда болуы мен мәні, қызметі жөніндегі концепциялардың ішінде ең танымалдары:

1) магиялық (тиымды практикалық магияның жағымсыз формасы ретінде, яғни магияның позитивті формасы - сиқырдан жеке қарастырады – Фрэзер және т.б.);

2) діни (табуды «қасиетті заң» ретінде түсіндіретін және жындарға табынуға қатысты тиымдар- Тайлор және т.б.)

3) психологиялық (табуға психоаналитикалық талдау беретін, оны алғашқы мораль үлгісі мен өркениеттің бастамасы ретінде қарастыратын – Фрейд және т.б.)

4) антропологиялық (табуды әлеуметтік бақылау формасы ретінде түсіндіретін – Малиновский және т.б.) [3, 95].

Табу сөздерді алмастыру үшін басқа сөздер, яғни эвфемизмдер қажет.

«Эвфемизм» түсінігі

Эвфемизм (антифразис) ағл. euphemism, қандай да бір құбылысты не затты тура емес, жасырын, сыпайы, жұмсартып айтуда қолданылатын троп [4, 165].

Эвфемизмдер – бұл ауыстыру, тыйым салынған (табу) сөздер орнына қолданылатын, рұқсат етілген сөздер. Мысалы *өтірік айту - қосып айту, ұрланыпты - қолды болыпты, өлді - қайтыс болды, үзілді* т.б. [1, 8 б.].

Эвфемизм термині алғаш рет антикалық авторлармен қолданылған. Оның шығу тегі жалпыға мәлім: термин гректің «жақсы», «сөз», «сөйлеу» дегеннен шыққан. Алғашқысында ол «жақсы», «жақсылыққа бастайтын» сөздерді айтумен, жамандық шақыратын сөздерден бас тарту ретінде қабылданған. Адамдар бұл тілдік құбылысты ерте замандардан біліп қолданған. Ол бүгін де өзекті мәселелер қатарында. Бұл құбылыстың негізін адамдардың ойлау жүйесінен іздеу керек, себебі эвфемизм жай ғана тілдік феномен емес, ол адамдардың шындықты ерекше жолмен құруға деген қабілетінің көрінісі. Қолайлы сөзді пайдалана отырып адамның шындық пен шиеленісті төмендетуге тырысуы:

*insane asylum* орнына *mental hospital, mental health clinic*;

*mad* орнына *insane, mentally unstable, unbalanced*;

*old* орнына *senior, advanced in years*;

*retire on a pension* орнына *retirement*.

Дамыған қоғамдық ортада сөздерді табуға айналдырудың тағы бір себебі этикет, яғни дәрежі не әдепсіз сөйлеуден сақтану. Мысалы:

*blow one's nose* орнына *to clear one's nose*;

*pregnant* орнына *in an interesting condition, in a delicate condition, expecting* [5, 67 б.].

Ж.Аймауытұлы халықтың тілін ұршықтай үйіріп, сыныптай ойнатып қолданады. Табумен эвфемизмдерде қаламгер туындыларынан орындалған.

Қаламгер табумен эвфемизмді қазақ тән ерекшелік, қасиетке нәтижесін айқындата көрсетеді. «Қарапайым сөздер, табумен эвфемизмдер көркем әдебиетте әсіресе, сөйлеу тілі стилінде жиі қолданылады, ол көркем әдебиет стилінде белгілі бір көркемдік мақсат үшін жұмсалады. Қарапайым (дұрыс) сөздер кейде публицистикалық стильден де байқалады. Бұлардың эстетикалық, эмоционалдық әсері, бейнелілігі өте-мөте көркем әдебиет стилінде ұтымды келеді» [6, 44 б.].

– *Тетелес, о кім? – деді жеңгесі* (Ж.А., 54).

– *Ерке бала, түнде дауыстап ұят қылғаның не? – деп келе жатыр еді...* (Ж.А., 368).

– *Шырайлым-ау! Бейуақытта неғып жатырсың?* (Ж.А., 265).

«Тетелес», «ерке бала», «шырайлым» табу сөздерінің кейіпкер тілінде жұмсалуды қазаққа тән қасиет. Ертедегі салт бойынша әйелдерге ата-енесінің, қайын аға, қайынының, абысындарының барлық ерлердің есімдерін тура айтуға тыйым салған. Сондықтан, берілген контексте жеңгелері Қартқожаны «тетелес» десе, Ақбілекті «шырайлым», Күнікейді «ерке бала» деп атаған. Бұл сөздердің қолданылуының стильдік ерекшелігі бар, әрі ұлттық сипатты танытады. «Шырайлым», «ерке бала» еркелету мағынасында жұмсалған, «тетелес» Қартқожаның жасы жеңгесімен тете болуына байланысты айтылған.

Тілдік табу мен эвфемия бұл өте қиын әрі көпжақты құбылыс. Ол үлкен тәрбиелік, оқытушылық әрі дамытушы күшке ие.

Қарапайым лексикамен салыстырғанда, эвфемизмдер қоғамдық «дәрежі» және «қолайлы» деген бағалауға тәуелді. Эвфемизмдердің дәрежесінің тарихи құбылмалылығы да осыған байланысты: бір ұрпақ үшін сәтті эвфемистік атау болған сөз келесі ұрпаққа қолайсыз, дәрежі, эвфемистік ауыстыруды талап ететін болып көрінуі мүмкін.

Эвфемизм, тура емес, перифраздық, сонымен қатар затты, қасиетті, іс-әрекетті

жұмсартып білдіретін тәсіл ретінде литотамен (екі ретті жокқа шығаруға негізделген әсерлілік құралы) немесе мейозиспен (сөз болып отырған заттың, үрдістің, әрекеттің қасиеттерін арнайы азайтып көрсету) ұқсас болып келеді. Мысалы: сіздікі дұрыс деп ойламаймын— сіздікі дұрыс емес (литота), ол жаман жүзбейді— жақсы жүзетін адам туралы (мейозис).

Эвфемизация үрдісі, адамның сөйлеу әрекетін құратын үш негізгі үрдістің бірімен, яғни номинация үрдісімен тығыз байланысты (қалған екеуі: предикация мен бағалау). Этикалық, мәдени, психологиялық және қандай да бір басқа себептермен атлмайтын немесе қиындықпен аталатын нысандар эвфемистік алмастыруларды қажет етеді. Ал номинацияларды жаңарту қажеттілігі мәдени қоғамда дәрежі, қолайсыз саналатынды қайта— қайта өзгертіп, жұмсарту талабымен түсіндіріледі.

Тілдік тәсілдер мен эвфемизация құралдары:

Қазіргі таңда тіл, тіл мәдениеті, ғылымға деген талап, жауапкершілік, ықылас, мүдделілік шынында да күн сайын артуда. Осы тілдік, қазақ ділдігінің бір мәселесі эвфемизмдік қолданыстарда жатқанын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Саяси сыпайылықтың негізінде адамның сезімдерін кемсітпей, намысын, көңіл-күйін, денсаулығын сақтап қалу мақсаты жатыр. Батыс мемлекеттерінің тіл саясатының құралына айналып, эвфемизмдер әлеуметтік шиеленістердің алдын алу жолы ғана болса, қазақ қоғамында эвфемизмдер этикалық және эстетикалық нормалардың күнделікті нақ көріністері.

Екі тілдегі табу мен эвфемизмдерді қарастыра келе өзіндік ұқсастықтары мен ерекшеліктері бар себебі барлық тілдерде табу мен эвфемизмдер сол тілді тұтынушы этностың (ұлттың, халықтың, тайпаның, рудың) тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына қатысты болады.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Доктор. дисс.авторефераты. —Алматы, 1995. — 8 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка. Алматы: Ана тілі, 1998. — 156-160 б.
3. О.С. Ахманова Словарь лингвистических терминов
4. Болғанбайұлы Ә., Ғ. Қалиұлы Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997.
5. W. S a f i r e. The New Language of Politics, N. Y. 1966
6. Балақаев М., Томанов М., Манасбаев Б., Жанпейісов Е. Қазақ тілінің стилистикасы. -Алматы, 2005.- 254 б.

УДК 347.78.034

### **ПРОБЛЕМА ПЕРЕВОДА АРХАИЗМОВ ИЗ ТАТАРСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК**

**Усманова Эльвина Мунировна**

[elvinka7@mail.ru](mailto:elvinka7@mail.ru)

СтудентИнститута филологии и межкультурной коммуникации Казанского  
федерального университета, Казань, Российская Федерация

Научный руководитель — А.Х. Ашрапова

Перевод художественного текста рассматривается как особая форма функционирования языковой системы, сущность которой заключается в создании коммуникативной эквивалентности нового текста по отношению к оригиналу и по возможности передачи полного объема содержания произведения. Согласно В. Гумбольдту каждый народ обведен кругом своего языка и выйти из этого круга может, только перейдя в другой. Однако такой